«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
ИМАШЕВА ЖҰЛДЫЗ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫНЫҢ
«Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқалары)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды дамытудың стратегиялық басым бағыттарына толық сәйкес келеді. Зерттеу урбанизация, көші-қон үдерістері, этносаралық қатынастар және экономикалық интеграция мәселелерін қамти отырып, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен дамуы үшін өзекті ғылыми әрі практикалық маңызы бар саланы қарастырады. Бұл тақырып Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған Білім және ғылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасында, «Қазақстан-2050» стратегиясында, сондай-ақ 2025 жылға дейінгі кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы басым мақсаттармен үйлеседі. Диссертацияда қарастырылған этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық аспектілері «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» құжатында көрсетілген әлеуметтік бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту қағидаттарына да сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу этникалық азшылықтардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясына қатысты БҰҰ, Дүниежүзілік банк және Халықаралық көші-қон ұйымы сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарымен үндес. Алматы қаласы мысалында этникалық кәсіпкерліктің мүмкіндіктері мен шектеулерін зерттеу мемлекеттік әлеуметтік саясаттың, көші-қон үдерістерін

			басқарудың және шағын және орта бизнесті қолдау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған. Автордың диссертациялық жұмысы Қазақстан қоғамындағы этносаралық өзара әрекеттестіктің жаңа ғылыми үлгілерін ұсынады, этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтік капиталды нығайту тетігі ретінде қарастырады және урбанистік кеңістіктегі этникалық экономиканың әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тақырыптың таңдалуы уақыт талабына сай, елдің әлеуметтік-экономикалық даму сұранысына жауап береді және әлеуметтану ғылымының даму бағыттарымен толық сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Имашева Ж.А. диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: халықтың әл-ауқаты, әлеуметтік интеграция және этносаралық келісім» бағытына толық сәйкес келеді. Аталған бағыт аясында халықтың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету, этносаралық өзара әрекеттестікті нығайту, мигранттар мен этникалық азшылықтардың қоғамға бейімделуі, сондай-ақ әлеуметтік әділеттілік пен инклюзияны дамыту мәселелеріне ерекше мән беріледі. Зерттеу жұмысы Қазақстан қоғамында өзекті болып отырған күрделі проблеманы Алматы қаласының мысалында этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық қырларын кешенді түрде қарастырады. Диссертацияда этникалық бизнес желілерінің құрылымы, әлеуметтік капиталды қалыптастырудағы рөлі, мигранттардың бейімделу стратегиялары және этносаралық сенім мен интеграция факторлары ғылыми тұрғыдан талданған. Автор жұмысының нәтижелері ЖҒТК бекіткен стратегиялық мақсаттарға сәйкес келіп қана қоймай, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық саясатты жетілдіруге, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шараларын дамытуға, этникалық топтардың әлеуметтенуі мен

			урбанистік кеңістіктегі бейімделуін жақсартуға бағытталған. Осылайша, диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық ғылымын жаңғыртуға және қоғамдағы этносаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге айтарлықтай ғылыми үлес қосады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмысы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады және Қазақстандағы этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді зерттеудің алғашқы іргелі еңбектерінің бірі болып табылады. Автор этникалық кәсіпкерліктің теориялық, әдістемелік және эмпирикалық аспектілерін зерттеу арқылы қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдардағы маңызды ғылыми және қоғамдық мәселені көтеріп отыр. Атап айтқанда, зерттеуде урбанизация жағдайында этникалық азшылықтардың кәсіпкерлік қызметінің ерекшеліктері, олардың әлеуметтік желілерді пайдалану тәжірибесі, этносаралық сенімнің деңгейі және интеграциялық стратегиялары қарастырылған. Бұл жұмыс ғылымда бұрын жүйелі түрде қарастырылмаған тақырып Алматы қаласындағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік табиғатын жан-жақты сипаттауымен ерекшеленеді. Диссертация этникалық бизнес-ортадағы әлеуметтік капиталдың қалыптасу тетіктерін, отбасының және туыстық желілердің рөлін, сондай-ақ миграциялық факторлардың кәсіпкерлікке ықпалын жаңа деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді. Авторлық үлес ретінде этникалық кәсіпкерлікті түсіндіруде интерактивті модельдің және «смешанная встроенность» (mixed embeddedness) тұжырымдамасының жергілікті контекске бейімделуі ұсынылған. Бұл ғылыми тұрғыдан этникалық кәсіпкерлікті талдаудың жаңа әдіснамалық негізін қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері тек теориялық үлес қана емес, сонымен қатар практикалық тұрғыдан да маңызды: олар этникалық топтардың интеграциясын қолдау саясатына, шағын және орта бизнесті

			дамытуға, сондай-ақ урбанистік кеңістіктегі этносаралық келісімді нығайтуға қолдануға дайын құрал бола алады. Ғылыми нәтижелер автордың жарияланымдарымен расталады: диссертация аясында бірнеше отандық және халықаралық басылымдарда мақалалар жарық көрген, оның ішінде Scopus базасында индекстелген ғылыми еңбектер де бар. Бұл көрсеткіш жұмыстың халықаралық ғылыми қауымдастықтағы маңыздылығын дәлелдейді. Осылайша, Имашева Ж.А. еңбегі Қазақстандағы әлеуметтану ғылымының, соның ішінде этникалық қатынастар мен көші-қон әлеуметтануының дамуында жаңа кезеңді айқындайды және этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтік тұрақтылық пен интеграцияны қамтамасыз етудің тетігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмысындағы өзі жазу принципі жоғары деңгейде. Зерттеу дербес түрде орындалған, ғылыми тілдің жүйелі қолданылуы, теориялық ұғымдар мен әдіснамалық тәсілдердің сауатты берілуі, сондай-ақ дереккөздерге дұрыс сілтеме жасау автордың жеке ғылыми ойлау қабілетін және зерттеу мәдениетін айқын көрсетеді. Диссертацияда автор теориялық-әдіснамалық негізді шолудан бастап, эмпирикалық зерттеу дизайнын әзірлеуге, сауалнама мен сұхбат арқылы деректер жинауға, оларды талдап, нәтижелерін ғылыми тұрғыдан қорытуға дейінгі барлық кезеңдерді өз бетінше орындаған. Бұл зерттеу тек компиляция емес, керісінше этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыдан зерделеудегі автордың шығармашылық ізденісінің нәтижесі болып табылады. Жұмыстағы тұжырымдар мен қорытындылар дербес ғылыми талдауға негізделген және этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік табиғатына, урбанистік кеңістіктегі интеграция мен сенім тетіктеріне сын тұрғысынан қарау қабілетін көрсетеді. Диссертацияның құрылымында, ғылыми аппараты мен жаңашылдығында басқа авторлардың мәтіндерін көшіру

			белгілері байқалмайды, керісінше, зерттеушінің өзіндік ғылыми қолтаңбасы анық сезіледі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Имашева Ж.А. тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі толық негізделген. Автор диссертацияда этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік табиғатын, оның урбанистік кеңістіктегі орны мен рөлін, көші-қон, интеграция және этносаралық сенім сияқты құбылыстармен өзара байланысын кең көлемде қарастырған. Зерттеу барысында этникалық кәсіпкерлікті түсіндіретін классикалық және заманауи теорияларға библиографиялық талдау жасалған. Сонымен қатар, Қазақстанда, оның ішінде Алматы қаласында этникалық кәсіпкерлік жүйелі түрде социологиялық тұрғыда аз зерттелгені көрсетілген. Осы олқылықтарды анықтау арқылы тақырыптың өзектілігі нақты дәлелденген. Эмпирикалық бөлімде Алматы қаласындағы этникалық мигранттардың кәсіпкерлік тәжірибесі, жергілікті тұрғындардың этникалық бизнеске деген әлеуметтік ұстанымдары, сенім деңгейі мен интеграциялық стратегиялары социологиялық сауалнама мен сұхбаттар негізінде талданған. Бұл зерттеу қала қоғамындағы этносаралық келісім мен әлеуметтік тұрақтылық үшін этникалық кәсіпкерліктің маңызын айқындайды. Жалпы алғанда, диссертацияның өзектілігі халықаралық және отандық ғылыми дискурсқа сүйене отырып, нақты статистикалық деректер, теориялық олқылықтарды айқындау және эмпирикалық материалдармен толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұсынылған диссертациялық зерттеудің мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды және құрылымдық бөліктерінде атау мен мазмұнның сәйкестігі сақталған. Бірінші тарауда этникалық кәсіпкерлікті зерделеудің теориялық негіздері қарастырылып, мәдени тәсіл, этникалық ниша, интерактивті модель және «смешанная встроенность» теориялары терең талданған. Этникалық кәсіпкерліктің ұғымдық шекаралары,

			әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері және көші-қонмен өзара байланысы ғылыми негізде сипатталған. Екінші тарауда Алматы қаласындағы этникалық азшылықтардың әлеуметтік желілері, отбасы және туыстық қатынастарға негізделген кәсіпкерлік тәжірибелері, әйелдердің қатысу рөлі мен гендерлік аспектілер нақты мысалдар арқылы ашылған. Әлеуметтік капиталдың этникалық бизнес желілерін дамытудағы орны да жан-жақты талданған. Үшінші тарау эмпирикалық зерттеулерге негізделген. Автор сауалнама мен сұхбат деректерін пайдаланып, алматылықтардың этникалық кәсіпкерлерге деген көзқарасын, мигранттардың бейнесін, этносаралық сенім деңгейін және интеграциялық стратегияларын талдаған. Бұл тарау диссертациялық жұмыстың тәжірибелік қырын толық ашып, қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік динамикасын көрсетеді. Төртінші тарауда автор Алматыдағы этникалық бизнес-қауымдастықтардың нақты мысалдарын зерттеп, олардың күнделікті бейімделу стратегияларын көрсетеді. Мұнда этникалық анклавтардағы бейресми тәжірибелердің де ерекшеліктері ашылған. Жалпы алғанда, диссертация мазмұны этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік табиғатын кешенді түрде қарастырады. Барлық тараулар тақырыппен тығыз байланысты, зерттеу мақсаты мен міндеттері логикалық сабақтастықпен орындалған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, нақты және қисынды түрде тұжырымдалған. Автордың басты мақсаты Алматы қаласындағы этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді зерттеу, оның теориялық үлгілерін салыстыру, әлеуметтік желілер мен отбасылық ресурстардың рөлін ашу және этносаралық сенім мен интеграция

			факторларын эмпирикалық деректер арқылы талдау. Бұл мақсат диссертацияның барлық тарауларында жүйелі түрде іске асырылған. Зерттеу міндеттері нақты әрі өзара сабақтас: -этникалық кәсіпкерлікті зерделеудің классикалық және заманауи теориялық тәсілдерін жүйелеу; -этникалық бизнес-қауымдастықтардың әлеуметтік желілері мен ресурстарын талдау; -гендерлік және отбасылық факторлардың этникалық кәсіпкерліктегі орны мен ықпалын анықтау; -алматылықтардың этникалық кәсіпкерлерге деген көзқарасын, әлеуметтік қашықтық пен сенім деңгейін бағалау; -нақты этникалық топтардың (тәжік, ұйғыр, дүнген және т.б.) бизнес-практикаларын эмпирикалық тұрғыда зерттеу. Әсіресе, эмпирикалық бөлімде жүргізілген сауалнама мен сұхбаттар міндеттердің мазмұнын толық ашып, зерттеу пәні мен объектісін кешенді түрде көрсетеді. Автордың ұсынған тұжырымдары мен қорытындылары бастапқыда қойылған мақсат пен міндеттердің ғылыми тұрғыдан дұрыс айқындалғанын дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмысы этникалық кәсіпкерлікті теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық деңгейде кешенді түрде қарастыратын жүйелі зерттеу болып табылады. Жұмыстың барлық құрылымдық бөлімдері арасында мазмұндық және логикалық тұтастық сақталған, олар өзара сабақтасып, ғылыми қисын аясында дамиды. Бірінші тарауда этникалық кәсіпкерліктің теориялық негіздері жан-жақты қарастырылып, мәдени тәсіл, этникалық ниша теориясы, интерактивті модель тұжырымдамасы талданған. Бұл бөлім зерттеу мәселесінің ғылыми-теориялық алаңын айқындап, диссертацияның концептуалды базасын қалыптастырған. Екінші тарауда этникалық топтардың әлеуметтік желілері, туыстық байланыстарға негізделген бизнес-практикалар және гендерлік

			аспектілер талданып, отбасылық ресурстардың кәсіпкерліктегі орны жан-жақты ашылған. Бұл бөлім бірінші тараудағы теориялық алғышарттармен тығыз байланысты. Үшінші тарауда жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері алдыңғы тарауларда көрсетілген теориялық ұстанымдар мен зерттеу міндеттерімен органикалық байланыста өрбиді. Бұл эмпирикалық материалдар этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік шынайылықтағы ерекшеліктерін нақтылайды. Төртінші тарауда Алматыдағы этникалық бизнес қауымдастықтарының күнделікті практикалары мен бейімделу стратегиялары көрсетіліп, теориялық-эмпирикалық нәтижелермен тығыз сабақтасады. Жалпы алғанда, диссертацияның барлық бөлімдері өзара мазмұндық байланыста және зерттеу мақсатына толық бағытталған. Құрылым ішкі ғылыми бірлікті, қисындылықты және зерттеу логикасын қамтамасыз етіп тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Имашева Ж.А. диссертациялық жұмысының әрбір бөлімінде этникалық кәсіпкерлікке қатысты теориялық және практикалық тәсілдерге сыни талдау жасалып, бұрыннан белгілі ғылыми үлгілермен салыстыру арқылы автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор этникалық кәсіпкерлікті түсіндірудегі дәстүрлі мәдени тәсілдер мен тұжырымдамаларын қазақстандық контекске бейімдейді және урбанистік ортадағы этникалық кәсіпкерліктің ерекшеліктерін түсіндіретін интегративті модель ұсынады. Зерттеу барысында этникалық топтардың кәсіпкерлік тәжірибелерін талдау кезінде бұрыннан белгілі халықаралық үлгілер мен Алматы қаласындағы нақты мысалдар салыстырылып, олардың артықшылықтары мен шектеулері анықталған. Бұл салыстырмалы талдау авторлық тұжырымдардың ғылыми негізділігін күшейтеді. Эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған шешімдердің практикалық тұрғыдан да дәйектелгенін дәлелдейді. Мәселен, этникалық кәсіпкерлердің әлеуметтік желілерге сүйенуі мен сенім тетіктері жөніндегі тұжырымдар халықаралық әдебиетте белгілі

			үлгілермен салыстырылып, жергілікті ерекшеліктермен толықтырылған. Әдеби дереккөздерге жасалған салыстырмалы шолу мен теориялық түсіндіру тәсілдері тек басқа авторлардың пікірін қайталау емес, керісінше, автордың өзіндік ғылыми ұстанымын, сараптамалық ойлау қабілетін және дәлелді тұжырымдарын айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстағы жаңа шешімдер мен қағидаттар ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеуі өзінің ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және Қазақстанда этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді түрде қарастырған алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Сапалық зерттеу барысында алынған нәтижелердің басым бөлігі (шамамен 70%-ы) отандық ғылыми кеңістікте бұрын-соңды жүйелі түрде қарастырылмағандықтан, жұмысты жартылай жаңа ретінде бағалауға болады. Диссертацияда төмендегідей жаңашыл ғылыми қағидалар мен нәтижелер анықталған: 1 Этникалық кәсіпкерлікті түсіндіруде мәдени тәсіл, «этникалық ниша» теориясы және «смешанная встроенность» тұжырымдамасы қазақстандық контекске бейімделіп, олардың өзара салыстырмалы артықшылықтары мен шектеулері талданған. 2 Этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік капитал қалыптастырудағы рөлі алғаш рет Алматы қаласының эмпирикалық деректері негізінде жан-жақты зерттелген. 3 Отбасылық факторлардың этникалық кәсіпкерлікке ықпалы анықталып, әйелдердің этникалық бизнес желілеріндегі орны жаңа ғылыми тұрғыдан сипатталған. 4 Урбанистік ортадағы этникалық анклавтардың бейресми тәжірибелері (сауда желілері, нарықтық қатынастар, бейімделу стратегиялары) жүйелі түрде зерттеліп, олардың интеграция мен этносаралық сенімге әсері алғаш рет кең көлемде талданған.

			5 Қазақстан жағдайында этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік бейімделу мен экономикалық тұрақтылыққа ықпалын бағалау үшін автор ұсынған эмпирикалық үлгі мен деректерді талдау әдістері жаңашылдығымен ерекшеленеді. Имашева Ж.А. диссертациясы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық қырларын теориялық тұрғыдан кеңейтіп, эмпирикалық деректер негізінде жаңа тұжырымдар жасаған еңбек болып табылады. Ол Қазақстандағы әлеуметтану ғылымына айтарлықтай үлес қосып, этносаралық келісім мен әлеуметтік интеграцияны нығайтудың ғылыми негізін күшейтеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациясының қорытындылары теориялық негіздер мен кең ауқымды эмпирикалық материалдарға сүйене отырып жасалған. Қорытындылар этникалық кәсіпкерлікті зерттеу бойынша халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстан контекстінде алғаш рет кешенді түрде талданған. Зерттеу қорытындыларының жаңалығы мына қырларынан көрінеді: 1. Қазақстанда алғаш рет Алматы қаласындағы тажік кәсіпкерлердің әлеуметтік желілерге, отбасы мен туыстық байланыстарға негізделген бизнес үлгілері эмпирикалық деректер арқылы жүйелі сипатталды. 2. Автор ұсынған этникалық кәсіпкерліктің типологиясы ғылыми тұрғыда негізделіп, жаңа аналитикалық үлгі ретінде ұсынылды. 3. «Адаптивті автономия» концепті енгізіліп, этникалық кәсіпкерлердің бейресми ортадағы дербес бизнес стратегиялары алғаш рет талданды. 4. Гендерлік факторлардың этникалық кәсіпкерліктегі орны өңірлік социологияда бұрын-соңды қарастырылмаған жаңа деректермен негізделді. 5. Алматы тұрғындарының этникалық кәсіпкерлерге қатысты көзқарастары, толеранттық деңгейі мен сенім жүйесі әлеуметтік сауалнама деректері негізінде алғаш рет салыстырмалы түрде

			қорытындыланды. Диссертация қорытындылары халықаралық теорияларды бейімдеумен қатар, қазақстандық контекст үшін жаңа тұжырымдар ұсынады. Сондықтан алынған нәтижелерді жартылай жаңа деп бағалауға болады, себебі олар бұрыннан белгілі теориялық тәсілдерді дамыта отырып, жергілікті деңгейде тың ғылыми жаңалықтар әкелген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Имашева Ж.А. диссертациялық жұмысында қабылданған әдістемелік және басқарушылық шешімдер толығымен жаңалық сипатында. Автор этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыдан кешенді зерттеу барысында Қазақстан ғылымында бұрын қолданылмаған бірқатар жаңа тәсілдерді ұсынған. Біріншіден, этникалық кәсіпкерліктің авторлық типологиясы жасалған: отбасылық, жеке және өтпелі үлгілер. Бұл типология этникалық бизнес құрылымын жергілікті контексте жаңа қырынан түсіндіреді. Екіншіден, «адаптивті автономия» ұғымы енгізіліп, этникалық кәсіпкерлердің бейресми нарықтағы дербес стратегиялары ғылыми айналымға қосылды. Үшіншіден, диссертацияда этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік капиталды қалыптастырудағы рөлі алғаш рет нақты эмпирикалық деректермен дәлелденіп, оның қаладағы этносаралық сенім мен интеграцияға ықпалын бағалаудың жаңа аналитикалық үлгісі ұсынылды. Төртіншіден, Алматы қаласындағы этникалық бизнес қауымдастықтарының қызметіне сүйене отырып, урбанистік саясат пен шағын және орта бизнесті дамыту бағдарламаларына бағытталған басқарушылық ұсыныстар жасалды. Диссертацияда ұсынылған техникалық, әдістемелік және басқарушылық шешімдер бұрыннан белгілі үлгілерді қайталамайды, қайта оларды толықтырып, қазақстандық жағдайға бейімдейді. Осы себепті, зерттеуде қабылданған

			шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitativeresearch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Имашева Ж.А. диссертациялық жұмысында тұжырымдалған барлық ғылыми ережелер, қорытындылар мен ұсынымдар нақты теориялық және эмпирикалық негіздемелерге сүйенген. Автор этникалық кәсіпкерлікті зерттеудің күрделілігін ескере отырып, сапалы зерттеудің барлық талаптарына сай әдістемелік құрылымды ұтымды ұйымдастырған. Қорытындылардың ғылыми тұрғыдан негізділігі: - жалпы ғылыми әдістердің және арнайы әдістердің, сауалнама, тереңдетілген сұхбаттар, кейс-стади, мазмұндық талдау, триангуляция үйлесімді қолданылуымен; - зерттеудің ақпараттық базасының кеңдігімен және өкілеттілігімен Алматы қаласында жүргізілген сауалнама деректері, этникалық кәсіпкерлермен және сарапшылармен өткізілген сұхбаттар, нақты этникалық бизнес қауымдастықтарының мысалдары негізінде алынған эмпирикалық материалдармен; - алынған нәтижелердің мазмұнды интерпретациясымен және олардан туындайтын нақты әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық ұсынымдармен тығыз байланыста болуымен расталады. Автордың ұсынымдары этникалық кәсіпкерлікті қолдауға, әлеуметтік капиталды дамытуға, этносаралық сенімді нығайтуға және урбанистік кеңістікте бейімделу стратегияларын жетілдіруге бағытталған. Бұл қорытындылар ғылыми негіздеуді ғана емес, сонымен қатар практикалық маңыздылықты да дәлелдейді. Сонымен бірге, зерттеу жұмысының мазмұнын одан әрі байыту мақсатында, этникалық кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау тетіктерін пайдалану кезіндегі кедергілерін тереңірек талдау пайдалы болар еді. Бұл олардың бейімделу стратегияларын нақтырақ ашуға және ұсынылған шешімдердің

			тиімділігін арттыруға мүмкіндік берер еді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	(1) Бірінші ереже этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтанулық тұрғыда зерттеуде «mixed embeddedness» тұжырымдамасын қазақстандық контекске бейімдеу. Бұл қағидат дәлелденген, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан күрделі, жаңа болып табылады, кең қолданысқа ие және мақалада расталған. (2) Екінші ереже этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік капиталды қалыптастырудағы рөлі және оның этносаралық сенім мен интеграцияға ықпалы. Бұл қағидат жан-жақты дәлелденген, жаңа, тривиалды емес, кең қолданылатын тәсіл ретінде мақалада расталған. (3) Үшінші ереже этникалық кәсіпкерлердің бейімделу стратегияларын сипаттайтын «адаптивті автономия» ұғымының енгізілуі. Бұл қағидат негізделген, жаңа, маңызды және кең қолданысқа ие, мақалада дәлелденген. (4) Төртінші ереже Алматы қаласындағы этникалық кәсіпкерліктің типологиясы. Бұл қағидат дәлелденген, жаңа, тривиалды емес, кең қолданылатын және мақалада негізделген. (5) Бесінші ереже гендерлік факторлардың этникалық кәсіпкерліктегі орны және әйелдердің кәсіпкерлік желілердегі рөлі. Бұл жаңа қағидат, кең қолданысқа ие, дәлелденген және мақалада көрсетілген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмысының әдістемелік негізі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Автор зерттеу мақсаты мен міндеттерін, ұғымдық аппараты мен қолданылған әдістерін нақты әрі дәйекті сипаттаған. Негізгі ұғымдарды операционализациялау ғылыми қисынға сәйкес жүргізілген, ал әдістерді таңдау этникалық кәсіпкерлікті кешенді тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Қолданылған әдістер сауалнама, тереңдетілген сұхбат, кейс-стади, салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау және триангуляция жиналған деректердің

			сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Эмпирикалық материалды жинау мен өңдеу кезеңдері жүйелі көрсетіліп, олардың теориялық-методологиялық негіздемесі нақты ашылған. Диссертацияда берілген барлық мәліметтер, тұжырымдар мен қорытындылар халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге, салыстырмалы талдауларға және автор жүргізген эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып дәйекті түрде дәлелденген. Бұл зерттеудің әдіснамалық негізінің сенімділігін және ғылыми тұрғыдан негізділігін айқын көрсетеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Имашева Ж.А. диссертациялық зерттеуінде ғылыми дәлдік пен сенімділікке қол жеткізу үшін қазіргі заманғы ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларға негізделген зерттеу құралдары қолданылған. Атап айтқанда, сауалнама нәтижелерін талдауда статистикалық әдістер пайдаланылып, деректердің сенімділігі мен репрезентативтілігі қамтамасыз етілген. Сұхбат материалдары мазмұндық талдау әдісі арқылы өңделіп, деректерді жүйелеу мен интерпретациялау үшін арнайы компьютерлік бағдарламалар қолданылған. Сонымен қатар, деректерді өңдеу барысында триангуляция әдісі енгізіліп, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттың өзара толықтырылуы қамтамасыз етілген. Бұл ғылыми нәтижелердің нақтылығын арттырды. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру кезеңдерінде компьютерлік технологиялар мен қазіргі заманғы ғылыми әдістер тиімді қолданылған. Бұл өз кезегінде алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырып, зерттеудің дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз еткен.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша	Диссертациялық жұмысы этникалық кәсіпкерлікті түсіндіретін көпқырлы теориялық тұжырымдамаларға негізделе отырып, олардың өзара байланыстары мен заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан анықтап көрсетеді. Автор этникалық кәсіпкерліктің институционалдық, әлеуметтік және мәдени қырларын жүйелі

		даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	түрде қарастырып, этникалық бизнес желілері, әлеуметтік капитал және урбанистік кеңістіктегі интеграция арасындағы тәуелділікті дәйекті теориялық үлгімен сипаттаған. Теориялық тұжырымдар нақты эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген. Атап айтқанда, сауалнама, тереңдетілген сұхбаттар, кейс-стади және мазмұндық талдау әдістері қолданылып, алынған деректер теориялық модельдерді тәжірибелік тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берген. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етіп, теория мен практиканың үйлесімді бірлігін көрсетеді. Этникалық кәсіпкерліктің типологиясы «адаптивті автономия» тұжырымдамасы, сондай-ақ әлеуметтік капиталдың этносаралық сенім мен интеграциядағы рөлі диссертацияда кеңінен қарастырылып, эмпирикалық деректермен расталған. Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми талаптарға сай теориялық үлгілерді нақты практикалық дәлелдермен толықтырған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған	Ұсынылған диссертациялық жұмыста автор жасаған барлық негізгі ғылыми тұжырымдар мен концептуалдық мәлімдемелер өзекті, сенімді және беделді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған. Әдебиетке жасалған шолу заманауи шетелдік және отандық еңбектерге сүйене отырып жүргізілген, бұл этникалық кәсіпкерлік мәселесінің халықаралық ғылыми дискурстағы орнын айқындауға мүмкіндік береді. Этникалық экономика, «этникалық ниша», «смешанная встроенность» теориялары, әлеуметтік капитал тұжырымдамасы, урбанистік кеңістіктегі бейімделу мен миграциялық тәжірибелер жөніндегі мәлімдемелер белгілі ғылыми мектептердің және халықаралық тәжірибенің негізінде дәйектелген. Автор бұл сілтемелерді жүйелі және орынды қолданып, зерттеу бағытының заманауи ғылыми контексін дұрыс көрсеткен. Жалпы алғанда, диссертациядағы негізгі ғылыми тұжырымдар мен мәлімдемелер ғылыми әдебиеттермен толық расталған және этникалық кәсіпкерлік саласындағы теориялық әрі әдіснамалық бағыттардың үйлесімділігімен ерекшеленеді.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының диссертациялық жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көлемі мен мазмұны жағынан зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және әдеби шолу үшін жеткілікті деп бағаланады. Автор этникалық кәсіпкерлікті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты қарастырып, отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді кеңінен қамтыған. Әдебиеттер құрамына этникалық экономика, миграциялық бейімделу, әлеуметтік капитал, урбанистік әлеуметтану саласындағы заманауи еңбектер, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған авторлардың классикалық теориялық жұмыстары енгізілген. Scopus және Web of Science базаларында индекстелген шетелдік мақалалар мен зерттеулер де пайдаланылып, тақырыптың әлемдік ғылыми дискурстағы орнын көрсетуге мүмкіндік берілген. Сонымен бірге, Қазақстандағы этникалық кәсіпкерлік пен көші-қон мәселелерін талдауға арналған еңбектерге, мемлекеттік бағдарламалар мен ресми құжаттарға сүйену зерттеудің практикалық қырын күшейтеді. Әдебиеттер тізімінің құрылымы жүйелі берілген, сілтемелер нақты рәсімделген. Бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми дәйектілігін арттырып, әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларының жоғары деңгейін айқын көрсетеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуі айқын теориялық маңызға ие. Жұмыста этникалық кәсіпкерлікті зерттеудің пәнаралық контексі негізінде жаңа тұжырымдамалық тәсілдер ұсынылған. Автор этникалық экономика, әлеуметтік капитал және урбанистік әлеуметтану теорияларын салыстыра отырып, Қазақстан жағдайында оларды бейімдеудің ғылыми негізін жасайды. Этникалық кәсіпкерліктің типологиясы мен «адаптивті автономия» ұғымының енгізілуі этникалық бизнес желілерін, бейімделу стратегияларын және этносаралық сенім тетіктерін түсіндіруге арналған жаңа теориялық үлгі болып табылады. Зерттеу нәтижесінде қалыптасқан тұжырымдамалық база

			этникалық кәсіпкерлікті тек экономикалық құбылыс емес, сонымен бірге әлеуметтік интеграция мен этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз ететін әлеуметтанулық феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қазақстандық социология ғылымында этникалық қатынастар мен көші-қон әлеуметтануының теориялық өрісін кеңейтіп отыр. Сонымен қатар, диссертацияда тұжырымдалған теориялық қағидаттар мен модельдер болашақ ғылыми зерттеулер үшін бағыт-бағдар беретін әдіснамалық негіз бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының диссертациялық жұмысы айқын практикалық маңызға ие. Зерттеу нәтижелері этникалық кәсіпкерлікті қолдау, урбанистік кеңістіктегі этносаралық сенімді нығайту және әлеуметтік интеграцияны дамыту бағытында нақты ұсынымдар жүйесін ұсынуға мүмкіндік береді. Автордың жұмысы келесі қағидаларға сүйенеді: -атаулылық мақсатты топ нақты белгіленген, Алматы қаласындағы этникалық кәсіпкерлер мен жергілікті тұрғындар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар; -қолданбалы сипат алынған нәтижелер шағын және орта бизнесті дамыту, урбанистік саясатты жетілдіру және этникалық топтардың әлеуметтік бейімделуін қолдау саласында қолдануға жарамды; - эмпирикалық негіздеме ұсынымдар автор жүргізген сауалнамалар мен сұхбаттар негізінде жасалып, нақты тәжірибелік деректермен расталған. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мемлекеттік әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіруде, этникалық кәсіпкерлерге арналған қолдау бағдарламаларын әзірлеуде, урбанистік инфрақұрылымды дамытуда және этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған әлеуметтік шараларды жоспарлауда кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған нәтижелер этникалық кәсіпкерлікті қолдаудың институционалдық тетіктерін жетілдіру, гендерлік

			факторларды ескере отырып кәсіпкер әйелдерді қолдау бағдарламаларын дамыту және этникалық бизнес қауымдастықтарының әлеуетін арттыру үшін бағдар ретінде қызмет ете алады. Практикалық маңыздылықтың дәлелі ретінде, алынған қорытындылар жергілікті басқару органдары, кәсіпкерлік құрылымдары және қоғамдық ұйымдар тарапынан қолдануға бейімделе алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ұсынылған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа екені анық байқалады. Автор этникалық кәсіпкерлікті кешенді әлеуметтанулық тұрғыдан зерттей отырып, этникалық бизнес желілерінің әлеуетін арттыруға, урбанистік кеңістіктегі этносаралық келісімді нығайтуға және мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдар жүйесін әзірлеген. Ұсыныстар бұрыннан белгілі тұжырымдарды қайталамай, жаңа тәсілдер мен тәжірибелерге негізделген, олардың ішінде: - этникалық кәсіпкерліктің типологиясын ескере отырып, әртүрлі бизнес-модельдерге бағытталған қолдау шаралары; - этникалық кәсіпкерлердің бейресми желілерін заңдастыруға және әлеуметтік капиталын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін институционалдық шешімдер; - «адаптивті автономия» ұғымына сүйене отырып, бейімделу мен өзін-өзі ұйымдастыру стратегияларын қолдау тәсілдері; - гендерлік факторларды ескеретін, этникалық кәсіпкер әйелдердің қатысуын ынталандыратын арнайы бағдарламалар; - урбанистік саясатта этникалық кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қолданбалы ұсыныстар (инфрақұрылым, нарықтық орта, құқықтық қолдау). Бұл кешенді және құрылымдалған шешімдер Қазақстандағы этникалық кәсіпкерлікті институционализациялауға, оның әлеуметтік мәртебесін арттыруға және этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлес қосады. Осыған

			байланысты, диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстардың жаңалығы толығымен жаңа деп бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысының академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағаланады. Автор ғылыми стиль талаптарын сақтай отырып, мәтін мазмұнын жүйелі және дәлелді түрде баяндаған. Қолданылған ғылыми терминдер мен ұғымдар сауатты әрі орынды таңдалған, бұл зерттеудің кәсіби деңгейін айқын көрсетеді. Диссертацияда: — академиялық логика сақталған, бөлімдер арасында құрылымдық және мазмұндық сабақтастық бар; — тұжырымдар мен дәлелдер нақты әрі дәйекті берілген; — ғылыми категориялар мен әлеуметтанулық ұғымдар сауатты пайдаланылған; — мәтін мазмұны ғылыми дәлдікпен баяндалып, тілі айқын әрі түсінікті; — жалпы мазмұн академиялық стандарттарға толық сәйкес рәсімделген. Бұл жайт диссертанттың зерттеу тақырыбына терең бойлағанын, ғылыми жазу дағдысының жоғары екенін және жұмыстың ресімделуі жағынан академиялық талаптарға сай екенін дәлелдейді.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Этникалық кәсіпкерліктің гендерлік аспектілеріне қатысты толықтыру. Диссертациялық жұмыста әйелдердің этникалық бизнеске қатысуы қарастырылғанымен, гендерлік айырмашылықтардың кәсіпкерлік стратегияларына ықпалы тереңірек ашылса, зерттеудің ғылыми құндылығы арта түсер еді. Әсіресе, Алматыдағы әйел кәсіпкерлердің әлеуметтік желілерді пайдалану ерекшеліктерін, институционалдық кедергілерді еңсеру тәсілдерін және отбасылық рөлдердің бизнеске ықпалын салыстырмалы түрде талдау маңызды болар еді. 2. Этникалық кәсіпкерліктің экономикалық тиімділігіне қатысты нақты деректер. Мысалы, шағын және орта бизнестегі этникалық

			кәсіпорындардың үлесі, олардың еңбек нарығына әсері немесе салықтық түсімдердегі орны нақты көрсетілсе, жұмыстың практикалық маңыздылығы күшейе түсер еді. 3. Этникалық кәсіпкерліктің салыстырмалы аспектісі. Диссертацияда тәжірибелік негіз ретінде таджик кәсіпкерлеріне баса назар аударылған. Дегенмен, Алматыдағы өзбек, қырғыз немесе ұйғыр кәсіпкерлерімен салыстырмалы талдау жасалғанда, этникалық кәсіпкерліктің әртүрлі үлгілері мен кірігу стратегиялары айқынырақ көрінер еді. Бұл диссертацияның нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік беріп, зерттеу аясын кеңейтер еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбының өзегін құрайтын мәселелерге бағытталған және зерттеу міндеттерінің мазмұнын толық ашады. Әрбір мақалада этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени табиғаты, урбанистік кеңістіктегі интеграция, этникалық топтардың бейімделу стратегиялары, әлеуметтік капитал мен этносаралық сенімнің қалыптасу ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан қарастырылған. Мақалаларда қолданылған әдіснамалық тәсілдер сауалнама, тереңдетілген сұхбат, кейс-стади, мазмұндық талдау және триангуляция қазіргі сапалық және аралас әдістерге негізделген зерттеулердің талаптарына сәйкес келеді және дербес зерттеу жүргізілгенін айқын дәлелдейді. Ғылыми материалдардың құрылымы, эмпирикалық базасы мен ұсынылған тұжырымдар докторанттың зерттеу дағдылары мен аналитикалық қабілетін көрсетеді. Докторанттың жарияланымдары халықаралық және отандық ғылыми журналдарда (Scopus, Web of Science, ҚР ҒЖБМ БҒССҚК тізімі) жарық көріп, зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын растайды. Әр мақалада зерттеудің жаңалығы, теориялық негіздемесі және тәжірибелік маңыздылығы нақты көрініс тапқан. Осыған орай, диссертация мазмұнын бейнелейтін ғылыми мақалалар сериясы зерттеу

			тақырыбына толық сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары және PhD дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сай деп есептейміз.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» атты диссертациялық жұмысы мазмұны бойынша тақырыптың өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын толық ашқан. Зерттеу сапалы әдістемелік негізге сүйеніп жүргізілген, алынған нәтижелер нақты, ғылыми тұрғыда негізделген және қолданбалы сипатқа ие. Ізденуші этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени табиғатын, урбанистік кеңістіктегі бейімделу стратегияларын, этникалық топтардың әлеуметтік капитал қалыптастырудағы рөлін терең талдаған және ғылыми тұрғыда негізделген жаңа ұсыныстар берген. Автор ұсынған қағидалар мен тұжырымдар ғылыми жаңалыққа ие және тәжірибеде қолдануға лайық. Ізденушінің жариялаған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты, жоғары ғылыми деңгейде жазылған және беделді сараптамалық басылымдарда жарық көрген. Осыған байланысты, диссертациялық жұмыс мазмұны мен рәсімделуі жағынан «6D050100-Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Шешімі: Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «6D050100-Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді, ғылыми жаңалығы бар, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы логикалық тұтастықпен және ішкі бірлікпен сипатталады. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі, оның әлеуметтік маңыздылығы және пәнаралық тәсілдердің қолданылуы диссертациялық жұмысты тәжірибеде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Этникалық кәсіпкерлікті әлеуметтік капитал, урбанистік интеграция және этносаралық сенім тұрғысынан зерделеу Қазақстанда алғашқылардың бірі ретінде қарастырылып отырған тың бағыт. Бұл тақырыптың көпөлшемділігі оны одан әрі апробациялауды және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатта кеңінен енгізуді қажет етеді. Зерттеу нәтижелерін Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде бейімдеп қолдану әлеуеті жоғары, ал автор ұсынған типологиясы, «адаптивті автономия» тұжырымдамасы мен практикалық ұсынымдары

этникалық кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін жетілдіруге, этносаралық келісімді нығайтуға және урбанистік саясатты дамытуға бағытталған. Диссертациялық жұмыста барлық нәтижелер қазіргі заманғы сапалық және аралас зерттеу әдістерін сауалнама, терендетілген сұхбат, кейстади, контент-талдау және триангуляция қолдана отырып алынған, бұл ғылыми тұжырымдардың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылымды зерттеудің толықтығы мен тәуелсіздігін, оның жоғары академиялық жазылуын және жүйелі құрылымын айқын көрсетеді. Жұмыс «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты, ізденушіге «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Философия ғылымдарының докторы (PhD),
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Әлеуметтану кафедрасының доценті **Байгабылов Нурлан Оралбаевич**

Қолын куәландырамын
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
КАДРЫ БЕТІ
«14» 10 2025 г.